

## Қараой ауылдық округінің елді - мекендерінің көшелеріне атау беру туралы

Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 16 қыркүйектегі № 5 шешімі. Ақтөбе облысы Ойыл аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 25 қазанда № 3-11-96 тіркелді

Ескерту. Шешімнің атауы мен бүкіл мәтіні бойынша "селолық" сөзі тиісінше " ауылдық" сөзімен ауыстырылды – Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой ауылдық округінің әкімінің 16.07.2015 № 11 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Шешімнің орыс тіліндегі 1, 2 тармақтарындағы "аула" сөздері "села" сөздерімен ауыстырылды, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой ауылдық округі әкімінің 24.03.2017 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы № 4200 "Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4-тармақшасына және ауылдық округ тұрғындарының пікірін ескере отырып Қараой ауылдық округінің Әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қараой ауылының көшелеріне келесі атаулар берілсін:

- 1) Тәуелсіздік көшесі;
- 2) Жетікөл көшесі;
- 3) Еңбеккерлер көшесі;
- 4) Қазақстан - 2030 көшесі;
- 5) Ынтымақ көшесі;
- 6) Алашорда көшесі;
- 7) Астанаға 10 жыл көшесі;
- 8) Өркениет көшесі;
- 9) Жасқайрат көшесі;
- 10) Желтоқсан көшесі.

2. Құбасай ауылы көшелеріне келесі атаулар берілсін:

- 1) Қызылқорған көшесі;
- 2) Бейбітшілік көшесі.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК